

Қазақстан Республикасының шет ел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың келіп-қайтуына уақытша жабық аумақтарының тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 153 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 12 желтоқсандағы N 1170 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.12.12 N 1170 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

"Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Z990349_Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының шет ел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың келіп-қайтуына уақытша жабық аумақтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының шет ел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың келіп-қайтуына уақытша жабық аумақтарына шет ел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың кіруіне, қабылдаушы мемлекеттік органдар мен ұйымдар осы мәселені Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен және Ішкі істер министрлігімен келіскеннен кейін, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) рұқсат етеді.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының шет ел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың келіп-қайтуына уақытша жабық аумақтарының тізбесін Қазақстан Республикасында тіркелген шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктерінің назарына жеткізсін.

Қазақстан Республикасында тіркелген шетелдік дипломатиялық өкілдіктері мен консулдықтарына шет ел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың келіп-қайтуына республиканың басқа да аумақтарының қосымша уақытша жабылуы туралы хабарлансын. 4. 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын. 5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 153 қаулысына 1-қосымша Қазақстан Республикасының шет ел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың келіп-қайтуына уақытша жабық аумақтарының ТІЗБЕСІ Жамбыл облысы Гвардейский қала үлгісіндегі

кенті, шекпен шектелген аумағы: Алматы және Жамбыл облыстары түйіскен жерлерде орналасқан Россавел кенті, Отар стансасынан 10 шақырым жерде орналасқан Құлжабасы темір жол айрығы - 2006 жылға дейін. Батыс Қазақстан облысы Бөкейордасы және Жанақала аудандары - 2006 жылға дейін. Қарағанды облысы Приозерск қаласы, Гүлшат кенті - 2006 жылға дейін. Қызылорда облысы Байқоңыр қаласы, Қармақшы және Қазалы аудандары - 2006 жылға дейін. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 153 қаулысына 2-қосымша Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір ш е ш і м д е р і н і ң Т І З Б Е С І

1. "Қазақстан Республикасының шет ел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың келіп-қайтуына уақытша жабық қалалары мен аудандарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 3 тамыздағы N 646-25 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 3 тамыздағы N 646-25 қаулысына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 желтоқсандағы N 1461-62қ қаулысы. 3. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 3 тамыздағы N 646-25 және 1993 жылғы 27 тамыздағы N 744-28 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 мамырдағы N 802-30қ қаулысының 1-тармағының 1-тармақшасы. Мамандар: Багарова Ж.А. Қ а с ы м б е к о в Б . А .